



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 5 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев азаматтарды қабылдауды өткізді

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабына сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы және оның орынбасарлары қабылдау кестесіне сәйкес азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауға міндетті.

2018 жылғы 30 қазанда Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев 5 адам қабылдады.

Жеке қабылдау кезінде қаралған негізгі мәселелер:

- қарыздарды қайта қаржыландыру;
- проблемалық кредиттер;
- ЕДБ тарапынан заңсыз әрекеттер;
- банк секторын дамыту жөніндегі ұсыныстар.

Азаматтарды қабылдау нәтижесі бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышев қарастырылған мәселелерге тиісті түсініктемелер берді. Қабылдау кезінде шешілмеген мәселелер бойынша материалдар Заңның 13-бабына сәйкес одан әрі жұмыс жүргізу үшін құзыретті бөлімшелерге жіберілді.

Қабылдау кезінде қарастырылатын мәселелердің көпшілігі қарыздарды қайта қаржыландыруға қатысты.

Ұлттық Банк қазіргі уақытта Ұлттық Банк Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық/тұрғын қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асырып жатқанын еске саламыз, ол Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында «Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау» бөлімінде орналастырылды.

Сонымен бірге Сіздер Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Д. Ақышевқа сұрақты «ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасы арқылы «Төрағаға сұрақ» бөлімінде, сондай-ақ сұрақтың тақырыбына қарай мобильдік қосымшаның кез келген бөлімінде қоя аласыздар.

«ҚҰБ Online» мобильдік қосымшасы AppStore және PlayMarket дүкендерінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде Android және IOS-та жүктеу үшін қол жетімді.

Google Play Market-тен жүктеу үшін сілтеме: <https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.nationalbank.appeals>;

AppStore-дан жүктеу үшін сілтеме: <https://itunes.apple.com/kz/app/nbk-online/id1134502211?ls=1&mt=8>.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz